



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Сәуір 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы сәуірде 10,7%-ға дейін жеделдеді (наурызда – 10,0%). Азық-түлік пен көрсетілетін қызмет бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 8,5%-ға дейін (наурызда – 7,6%) және 15,7%-ға дейін (наурызда – 14,3%) қарқын алды. Есесіне, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 8,9%-ға дейін (наурызда - 9,1%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 18 өңірде жеделдеді, 1 өңірде өзгеріссіз қалып, 1 өңірде бәсеңдеді. Жылдық инфляция 5 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (13,8%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 сәуір – 2025 сәуір), %-бен

Астана қ.	9,5 ————— 13,8
Қарағанды	10,6 ————— 12,8
Ақмола	9,0 ————— 11,8
Алматы қ.	9,1 ————— 11,6
Батыс Қазақстан	8,1 ————— 11,2
Қазақстан Республикасы	8,7 ————— 10,7
Солтүстік Қазақстан	9,5 ————— 10,6
Ұлытау	8,2 ————— 10,6
Шығыс Қазақстан	9,6 ————— 10,5
Түркістан	7,1 ————— 10,5

Абай	8,1 ————— 10,4
Атырау	8,9 ————— 10,2
Ақтөбе	8,6 ————— 10,1
Маңғыстау	10,5 ————— 10,1
Шымкент қ.	8,8 ————— 9,7
Қызылорда	7,9 ————— 9,7
Қостанай	8,4 ————— 9,4
Жамбыл	8,1 ————— 8,8
Жетісу	9,3 ————— 8,7
Алматы	6,2 ————— 8,5
Павлодар	9,0 ————— 7,6

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақмола (11,2%), Қарағанды (10,8%) облыстарында, Астана қаласында (9,8%), Абай (9,5%), Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан (9,4%-дан), Ақтөбе (9,3%), Алматы (9,2%), Ұлытау (9,0%) және Жетісу (8,6%) облыстарында қымбаттап, ел көлеміндегі деңгейден (ж/ж 8,5%) жоғары қалыптасты.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (14,8%), Солтүстік Қазақстан (10,9%), Маңғыстау және Ұлытау (10,7%-дан), Абай (10,2%), Атырау (10,1%), Қарағанды және Қызылорда (9,7%-дан), Ақмола (9,5%-дан) облыстарында, Астана қаласында (9,3%) және Ақтөбе облысында (9,2%) өсіп, ел көлеміндегі деңгейден (ж/ж 8,9%) жоғары қалыптасты.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы Алматы қаласында (20,0%), Астана қаласында (19,2%), Батыс Қазақстан (18,6%), Қарағанды (17,9%-дан) және Ақмола облысында (16,3%) өсіп, жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 15,7%) жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	8,5	8,9	15,7
Ақмола	11,2	9,5	16,3
Ақтөбе	9,3	9,2	11,9
Алматы	9,2	6,3	10,8
Атырау	7,7	10,1	14,8
Батыс Қазақстан	8,5	8,8	18,6
Жамбыл	7,2	7,1	15,7
Қарағанды	10,8	9,7	17,9
Қостанай	7,6	8,5	13,0
Қызылорда	6,8	9,7	15,1
Маңғыстау	8,4	10,7	11,7
Павлодар	8,3	5,9	8,6
Солтүстік Қазақстан	9,4	10,9	12,0
Түркістан	7,1	14,8	12,4
Шығыс Қазақстан	9,4	8,9	13,7
Астана қ.	9,8	9,3	19,2
Алматы қ.	6,8	7,2	20,0
Шымкент қ.	8,2	7,2	14,6
Абай	9,5	10,2	12,0
Жетісу	8,6	7,0	11,2
Ұлытау	9,0	10,7	13,4

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы сәуірде елде **айлық инфляция 1,2%** болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Түркістан облысында, Алматы мен Шымкент қалаларында (1,5%-дан) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы сәуірде өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	1,2
Түркістан	1,5
Алматы қ.	1,5
Шымкент қ.	1,5
Маңғыстау	1,4
Алматы	1,2
Қарағанды	1,2
Қызылорда	1,2
Ақтөбе	1,1
Қостанай	1,1
Солтүстік Қазақстан	1,1

Жетісу	1,1
Атырау	1,0
Батыс Қазақстан	1,0
Павлодар	1,0
Шығыс Қазақстан	1,0
Астана қ.	1,0
Абай	1,0
Ұлытау	1,0
Жамбыл	0,9
Ақмола	0,7

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ